



Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті

Дисциплина: Қоғамдық денсаулық сақтау

Курс: 3

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Тақырыбы: Қазақстандағы және басқа елдердегі демографиялық саясат

Орындаған: *Зайнулаева Ұ.М.*

Тексерген: *Абдикадилова И.Т.*

Группа: *302*

Жоспары:

I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлім

- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ
 - *ҚР статистика агенттігі*
- *Демографиялық саясат басымдықтары*

I. Қорытынды

Демография (грекше демос — халық) — белгілі бір халықтың, ұлттың, ұлыстың, этникалық топтың санын, құрамы мен құрылымын, аумаққа бөлінуін, өсу не кему динамикасын қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы.


Демографиялық саясатты іске асыру кезінде мемлекеттік өкімет органдарының алдында мынадай міндеттер тұр:

- осіп-өнуді қоса алғанда, халықтың денсаулық жағдайын жақсарту;
- олімді азайту және соның көрінісі ретінде өмірдің ұзақтығын ұлғайту;
- тууды тұрақтандыру және оны болашақта ұрпақтарды толық алмастыруды және халықты ұдайы көбейтудің кеңейтілген режимін қамтамасыз ететін деңгейге дейін арттыру;
- отбасының тыныс-тіршілігі жағдайын жақсарту, отбасы-неке қатынастарын нығайту;
- көші-қон процестерін реттеу;
- қоғам және жеке адам деңгейінде халықтың денсаулығы үшін жауапкершілікті арттыру;
- экологиялық зілзаланың жағымсыз зардаптарын жеңу.

- Демографиядағы ең басты **мәселе** – халықтың ұдайы өзгеруін, өсу мөлшерін, дамуын анықтау. Халықтың ұдайы өзгерісі – ұрпақ алмасу, туу мен өлу, яғни табиғи жағдай арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының статистика агенттігі

- Кестедегі сандарға сараптама жасайтын болсақ,
- 2003 жылмен салыстырғанда 2011 жылы туылған балалардың саны 1,5 есеге (124598 адам) өскен.
- Ал өлім көрсеткіші ТМД елдерімен салыстырғанда мынадай нәтежені көрсетеді:



- Сонымен қатар, Қазақстанның өзіне тән демографиялық ерекшеліктері бар. Ең басты үрдіс – әр түрлі этностардың әр түрлі демографиялық көрсеткіштерінде. Азиялық этностарда бала туу деңгейінің жоғары және өлім деңгейінің төмен болуы байқалуда. Керісінше, еуропалық халықтарда өлім туудан көп болып отыр. Осы орайда, саны жағынан ең көп екі халық – қазақ және орыс этностарын алып қарастырайық.



Бала туу көрсеткіші	1000 адамға шаққанда	
Барлығы	22,22	22,50
Қазақтар	25,35	25,62
Орыстар	12,91	12,77

- Халықтың демографиялық ахуалының бір көрінісі ретінде халықтың **орташа жас көрсеткіші** маңызды болып табылады. Орташа жас дегеніміз – халықтың тең жартысы сол жастан төмен, тең жартысы сол жастан жоғары болатын көрсеткіш. Мамандардың айтуынша қазіргі таңда қазақ халқының орташа жасы **26-27** шамасында, орыс халқында әр түрлі деректер бойынша **45-47** төңірегінде болып отыр. Яғни, қазақтарда репродуктивті адамдардың үлесі жоғары. Ал еуропалық этностарда туудың төмен болуы және елден көшіп кетіп жатқандар арасында экономикалық белсенді адамдардың басым болуы олардың демографиялық жағдайларының нашарлануына өз септігін тигізуде.

МЕМЛЕКЕТТІК ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ МЕН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Бірінші кезеңде халық санының азаю қарқынын бәсендету жөнінде шара қолдану және оны тұрақтандыруға қол жеткізу қажет. Бұл:

- ❑ туудың қулдырауын бәсендету және оны тұрақтандырудың;
- ❑ өлімді азайтудың және өмірдің орташа ұзақтығын ұлғайту;
- ❑ көшіп кетуді азайтудың және репатрианттардың (оралмандардың) қайтып оралуына қолайлы жағдай жасаудың есебінен шешілетін болады.

Екінші кезеңде:

- ✓ тууды материалдық және моральдық ынталандырудың;
- ✓ көші-қонның оң сальдосына қол жеткізудің есебінен сан жағынан да, сапа жағынан да халықтың жалпы өсімі қамтамасыз етілуі тиіс.

Қорытынды

- Қорытындылай келе, демографиялық ахуалдың қазіргі қолайсыз жағдайына және оның даму перспективаларына талдау жасау, біріншіден, демографиялық дамудағы басымдықтарды, екіншіден, негізгі бағыттарды, өтпелі кезеңде оларды шешудің тетіктерін айқындауға және ұзақ мерзімдік перспективаға - әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық және елдің тұрақты дамуы кезеңіне арналған іс-қимылдардың стратегиясын әзірлеуге мүмкіндік береді.